



Аудан әкімі Нұрлан СЕЙІЛОВТЫҢ құттықтауы

Құрметті мемлекеттік қызметшілер және сала ардагерлері! Сіздерді бүгінгі кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Кез келген өркеніетті елде мемлекеттік қызметкердің атқаратын рөлі ерекше екені белгілі. Өйткені мемлекеттік қызметші – биліктің биік бейнесін танытып, іскерлік қабілетін көрсететін тұлға, мемлекеттік саясатты алға жылжытатын қозғаушы күш.

Мемлекеттік басқарусыз кез келген қоғамның бірлігі бекемделіп, әлеуеті артып, тұрақты дамудың даңғыл жолына түсуі мүмкін емес. Осыдан-ақ мемлекеттік қызметтің жауапкершілігі мол, ауыр да абыройлы міндет екенін айқын аңғаруға болады. Мемлекет мүддесін биік қойып, асқақ мұраттарға жету жолында адал қызмет ету - әрбір азаматтың парызы. Осы орайда, мемлекеттік қызметшіге қойылар жауаптылық та, талап та өте жоғары. Белгіленген мемлекеттік қызметтің жауапкершіліктерін абыроймен атқару - біздің басты міндетіміз.

«Жұртың үшін аянба – азаматтығыңа сын» дейді дана халқымыз. Қай кезеңде де атқа

мінер азаматтың абыройы халқына қалтқысыз қызмет етіп, елінің игілігі жолында толассыз төккен терімен өлшеніп отырғаны белгілі.

Тәуелсіз Отанымыздың тұғырын биіктетіп, ел ертеңінің еңселі болуына мемлекеттік қызметшілердің қосар үлесі орасан зор екені сөзсіз.

Халық сеніміне селкеу түсірмеу – әрбір мемлекеттік қызметшінің басты міндеті. Біз мұны ешқашан ұмытпауымыз керек.

Айдынды да құтты өлкеміздің өркендеуіне ерен еңбек сіңіріп жүрген ауданымыздағы барлық мемлекеттік қызметшілерге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыларына бақ-береке тілеймін! Еліміздің жарқын болашағы жолында атқарып жатқан жұмыстарыңыз жемісті болсын!

Құрметті полиция қызметкерлері! Сала ардагерлері! Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз - Қазақстан полициясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекетіміздің тыныштығы мен халқымыздың бейбіт өмірі, амандығы – бәрінен қымбат. Сондықтан мемлекеттік биліктің



қоғамдағы құқықтық тәртібін, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрылымдардың бірі - ішкі істер органдарының алар орны ерекше.

Өз қызметтік міндетіне асқан жауапкершілікпен қарап, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтың алдын алып, мемлекет тыныштығының сақталуына тынбай үлес қосып жүрген ел қорғандарының қатары көбейе берсін!

Халқымыздың амандығы мен Отанымызды сақтау жолында сіздерге зор денсаулық, қызмет-теріңізге абырой, отбасыларыңызға амандық тілеймін!



Уважаемые государственные служащие! Поздравляю вас с профессиональным праздником - Днем государственной службы! Государственные учреждения являются базовой основой реализации стратегических направлений становления и развития нашей Республики, определенных Президентом РК и Правительством.

Сила государства - в его служащих, от эффективности работы, опыта и самоотверженности которых во многом зависит успех решения государственных проектов и программ. Народ ожидает от вас высокого уровня профессионализма, нравственности, патриотизма, безусловного соблюде-

ния законности. От вашей эффективной и профессиональной работы зависит качество жизни наших граждан, развитие и процветание Казахстана и его место в глобальном мире. Желаю всем государственным служащим крепкого здоровья, успехов в благородном деле служения народу Казахстана, добра и мира, мудрости и терпения, повышения профессионализма и карьерного роста!

Пусть каждый день будет освещен радостью от осознания причастности к процессу развития государства и своей роли в обществе!

Мейрам ҚОЖАХМЕТ,
председатель районного
маслихата

АУДАН ӘКІМІ АЛАҢНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Аудан әкімі Нұрлан Сейілов және аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Сағынтай Мұхаметжанов Николаев ауылдық округіне қарасты Жамбыл ауылында жаңадан салынып жатқан спорттық-саябақ алаңының құрылысымен танысты.



Бұл спорттық-саябақ алаңының құрылысы «Байду-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Ерболат Глашевтың жеке қаражатына салынып жатыр.

Бүгінде спорттық-саябақ алаңының құрылыс нысаны қызу жұмыс үстінде. Балалары мен жастары үшін жұмсақ төсемі бар балалар және спорт алаңдарына арналған құрал-жабдықтар әкеліп орналастырылуда.

Ересектер мен балаларға арналған спорттық-саябақ алаңы уақытты пайдалы және көңілді өткізуге бұқаралық спорттың дамуына мүмкіндік береді. Ауылдың балалары мен жастары үшін жұмсақ төсемі бар балалар және спорт алаңдары салынууда. Ауыл тұрғындары бос уақытты өткізуге арналған жаңа және заманауи орынға, соның ішінде балалар алаңына және ыңғайлы орындықтары

бар демалыс орнына ие болды.

Айта кететіні, 2022 жылы Каменка ауылында «Байду-Агро» ЖШС директоры Ерболат Глашевтың жеке қаражатына салынған спорттық-саябақ аймағының салтанатты ашылуы өткізілген болатын.

Енді ауыл тұрғындарының бос уақытын түрлендіруге, бос уақытын жан мен денсаулыққа пайдалы өткізуге тамаша мүмкіндігі пайда болады. Бұл шын мәнінде ауылдың әрбір тұрғыны үшін, ең бастысы, балаларымыз үшін нағыз мереке. Енді ауылдың жас балалары бос уақытын көңілді және денсаулыққа пайдалы өткізе алады.

Мұндай нысандар біздің ауылдардың сыртқы келбетін ғана емес, ауыл тұрғындарының өмірін де жақсы жаққа өзгертеді.

Арман ЖАПАРОВ.

УВАЖАЕМЫЕ АСТРАХАНЦЫ!

24 июня в 11.00 часов на центральной площади села Жалтыр состоится спартакиада, посвященная 20-летию ТОО «Бетеге-У».

24 июня в 14.00 часов в Доме культуры села Петровка состоится 130-летие села Петровка с участием делегации из Эстонии.

25 июня в 11.00 часов в физкультурно-оздоровительном комплексе «Жастар» села Астраханка состоится международный турнир по вольной и женской борьбе, посвященный 34-летию вывода советских войск из Афганистана и 78-летию Победы в Великой Отечественной войне.

ВЫПУСКНОЙ ВЕЧЕР В РОДНОЙ ШКОЛЕ

Вот и отзвенел последний звонок. На прошлой неделе в общеобразовательной школе №2 села Астраханка прошел выпускной вечер для девятиклассников.

говорят повзрослевшим детям на выпускном вечере. Каждому из них хочется, чтобы выступление во взрослую жизнь было успешным и благополучным, пусть выбранный детьми курс оправда-



Солнечным вечером на площади перед школой собрались родные и близкие наших выпускников. Под звуки вальса учителя выводят своих, заметно повзрослевших, но и в то же время совсем робких выпускников. С напутственным словом выступил директор школы Бахтияр Магзумов. В его словах звучит и грусть за тех учеников, которые покидают стены школы. И гордость за тех, кто продолжит учебу в следующем учебном году. Тревоги, волнения и надежды родителей слышны в поздравлениях, которые они

ет все надежды и стремления.

Независимо от вашего выбора хочется пожелать успехов во всех начинаниях, счастья, смелости, решительных поступков! Вы уже получили нужный запас знаний. Теперь перед вами открыты все горизонты и возможности. Определяйтесь с мечтой, смело отправляйтесь ей навстречу. Желаем вам любить выбранную профессию, покорять вершины и уверенно строить свое будущее!

Ирина ГОРБАТЕНКО.

ШӨП ШАБУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ

«Қыстың қамын жазда ойла» деген халық сөзін жадында берік ұстайтын аудан шаруалары күн ыстығына қарамастан маусымның ортасында шабындыққа шалғы түсіріп, қазіргі таңда шөп шабу науқанын қызу жүргізуде.

Ауданда алғашқылардың бірі болып Петровка ауылындағы «Гранит-Петровка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі пішеншілері шабындыққа орақ салуға дайындық үстінде. Шөп шабу науқанын маусым айының жиырма-сынан кейін бастаймыз, – дейді «Гранит-Петровка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының орынбасары Виталий Ком. Биыл өткен жылға қарағанда, шөп түсімі



ды қалыпқа келтіретін арнайы механизаторлар бар. Жөндеу жұмыстарымен Данияр Наурызбаев, Қосман Садықов, Рүстем Аманжолов, Қуан Нұрқыш, Дулат Секенов, Ерболат Қазбеков

жұмыс әлдеқайда жеңілдеді. Шөпті жыққан соң жалда жиналып жатқан жерінен оны пішен тайлағышпен рулондап орап, сол қалпында қалдырамыз. Рулонда жатқан шөпті жауын-шашын да, жел де



төмендеу. Былтыр шабындықтағы шөп қою еді, биыл жауын-шашынның аз болуына байланысты сұйықтау шығыпты. Бүгінгі таңда жақсы жерлерді шауып, науқан келесі айға дейін жүреді. Ауылшаруашылық техникасының арқасында жұмысты тоқтатпай әр

және тағы да басқа азаматтар айналысады. Серіктестіктің иелігіндегі барлық техникада тәжірибелі мамандар еңбек етеді. Байқағанымызша, олардың арасында жастар да бар. Сонымен қатар, серіктестікте бас энергетик Евгений Свистунов, автоэлектрик

алмайды. Сол күйі арбаларға тиеп, тракторлармен етекке түсіреміз, – дейді серіктестік бригадирі Сәкен Ахатов.

Жұмысшылардың айлық жалақысына келер болсақ, шабындық науқанында бір бөлек, егістік ору кезінде атқарған жұмыс



күнді тиімді пайдалануда.

Шөп шапқыш, шөп жинағыш, пішен тайлағыш сияқты ең қажетті техника түрлері сақадай сай істеп тұр. Егер де ақаулары болып жатса, шаруашылық базасында олар-

Сергей Неевен, токарь Николай Лотц сынды жұмысшыларды атап өткен жөн.

Бұрындары шөпті шауып, оны жинап, отау үйіп, артынан қыстақтарға жеткізуші едік. Қазір

көлеміне байланысты бір бөлек еңбекқорларын алады. Ұжымдары ұйымшыл Басшылық та барлық жағдайын барынша жасауда.

Өз тілшіміз.

22 МАУСЫМ – ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ БАСТАЛҒАН КҮН

ЕРДІҢ АТЫ ӨШПЕЙДІ

Ұрыста тәуекел ету де-ерлік
Жауынгерлік борышты өтеу-жеңіспен бірдей
Елін сүйген жауынгер – ер болады.
Бауыржан Момышұлы.



Бірде бір аялдамадан автобуска мініп жүріп, кезінде бас есепші болған, қазіргі таңда құрметті зейнеткерліктегі Сәуле апайыммен алғашқы рет көріп, білісіп, автобуста бір орындықта отырған бойы таныса кеттік. Әрине, қазекен кеңпейіл, қонақжайлы халықпыз ғой, Сәуле апайым: «Бір көрген біліс, үйге келіп, шай ішіп кет!» демесі бар ма? «Үлкен кісінің сөзін жерге тастамайын!»-деген ниетпен қаладан ауылға қатынап жүрген автобуспен ертерек жұмыстан босап, шығып, жол түсіп, айтқан мекен-жай бойынша Сәуле апайдың үйін тауып бардым. Дәл аялдамаға жақын жөне мен тұратын көшеме де жап-жақын екен. Ол кісі мені қуанышпен жылы қарсы алып, дастарқанын жайып, күтіп отыр екен. Асықпай шай іше отырып, менің қойған сауал-сұрағымға жауап беріп, көптен бері бір-бірімізді білетін адамдар сияқты болып, біраз әңгіменің қызуына кіріп, беріле тыңдап отырдым. Тәттілері мен ыстық тамағың, қою, күрең шәйімең, өз отбасы, анасы мен Ұлы Отан соғысына қатысқан әкесі жөнінде таныстырып және айтқан естеліктерін әңгімелеп берген-ді.

Жайма шуақ 1941 жылдың алғашқы жазында, күнделікті өмірлерінің тырбаң тіршіліктерімен ел тып-тыныш бейбіт өмір сүріп жатқан кезінде, маусым айының 22-сі күні таңғы сағат 4-терде, елдің шырқын бұзған фашистердің ұшақтары, ешкімнен еш қауіп күтпеген шырты ұйқыдағы халық, кенеттен төбедең жаудырып бомбалар мен оқтардың астында бірер минуттай есенгіретіп жіберген-ді. Дабыл қағысымен, еркек кіндікті азаматтарды, жас-көріге қарамай, Ұлы Отан соғысына бір жұдырықтай бүгіліп, он бес республика және Отанымыз жерімізді неміс фашистерден қорғауға, білек сыбанып, күш жігердерімен аттанды. Соның бірі 1922 жылы туған, мөрімдей жап-жас 19 жасар жігіт Айнабаев Төкен де әскерге соғысқа тәуекелге бел буып барады. Соғыстың аты соғыс. Төкен атамның 1941-1945 аралығындағы ерліктері бір Аллаға ғана аян. Ол кісі соғысқа барған бетте солдаттармен барлауда жүрген сәттерінде немістің солдаттарын алғаш рет байқап қалып, барлық жауынгерлер өзенге секіріп, су астында сүңгіп, арғы жағасына шыққан екен, ал Төкен атам суды жузу білмесе де, қорықпай, үстіндегі күпәйкесімен судың жиегіне қарай, күмп өтіп, немістер өтіп кеткенше көрінбей жатқан. Малмаңдай болған Төкен ата, күпәйкесі мен суға толған етігін жағаға шығысымен, сығып жайғанын қызық қып айтқан екен. Қызы Сәуле апайдың есінде қалған әкесінің айтуы бойынша тағы бір есте қалған естелігі: «Әкеме оқ тиіп, есінен ауып қалған екен, есімді жымып, оянсам, қатты шөлдеп жатыр екенімді, көзімді ашып қарасам, жан-жағымда солдаттардың бәрі өліп жатыр екен. Сылдырлаған судың дыбысын естіп, сол жаққа қарай бір қолдап, еңбектеп, суға әрең жеттім. Судың бәрі қып-қызыл қан жусап кеткен екен, қан боп ағып жатыр. Әбден сусап, көуіп бара жатқан соң, қанға қарамай, судан бір ұрттадым да тағы да есімнен таңып, құлап кетіппін. Бір уақытта есімді жинап, көзімді ашсам, госпитальда жатыр екенімді. Тәуір болғандай боп емделіп, қайта ұрысқа аттандым. Жауыз соғыс жарымжан жанды да ширатып, ауруын ұмыттырады ғой. Өзіңді емес, Отаныңды ойлап, қорғау үшін, жауға қарсы бет алдық.

Тағы да барлауға бес адам боп шыққанбыз. Ну орман, қалың тоғайдың ішінде келе жатып, судан өтейік деп ұмтыла бергенде, қаруларын асқынған немістердің солдаттары күбірлесіп тұр екен, әр жерде қазулы тұрған окопқа тығыла кеттік. Ақырын ғана басы-

мызды көтеріп, көрінбей әрі қарай жүрейік десек, бірнеше солдаттар екен, қасымдағы жауынгер жігіттің жөтелі қысып, тоқтамай, қоймады. Немістер естіп қоймасын деп, басымдағы малақайымды шешіп, жөтеліп жатқан жігіттің аузына бастырып, ротадағы жігіттерді жаулардан аман алып қалдым. Әйтпесе, сол жерде жөтелдің дыбысын естіп, жетіп келіп, ротадағы солдаттардың бәрін дым қалдырмас еді»,-деп әкесі сол кезде мұңлы оймен соғыс кезіндегіні бір еске алып айтқан екен.

Әрине, аты өшкір, қатігез, аяусыз зұлмат соғыс кімді де қилы-қилы жолдардан өтуге, тірі қалғандар сүрінбей өтуге, жеңіске жетуге шымырландырды емес пе?! Табиғаттың да соғыстың да ыстығы мен қақаған аязына, ызғарына, суығына төзген жауынгерлер, көрешекті көрмегендері жоқ. Неміс басқыншылардан Отанымызды, жерімізді сақтап қалу үшін, аянбай, соғысып жауды шебінен қайтарып, жерімізден қуып шықты. Аман-есен елге оралған, аяғының саңыран оқтың жарықшасын тиіп, жарақат алған атамның, аяғындағы оқтың жарықшасын қалай қатты қинап ауырса да, дәрігерлерге алдыртпаған. Оқ тұрған жеріне өзі май жағып, биітпен таңып, суланған кезде кептіріп, біраз машақатын көрген екен. Ауыл адамдары дәрігерлерге жараның ішіндегісін неге алдырпаудың себебін сұраса: «Бұл оқтың жарықшағы – Ұлы Отан соғысындағы неміс дұшпанның естелігі»,-деп айтып еді.

1952 жылғы тамыз айында туған үлкен қызы Сәуле апа біраз үнсіз отырып, әкесін еске алды. «Әкем көп сөйлемейтін, аузынан ештеңе ала алмайтын салмақты да сабырлы еді. Соғыс туралы сұрасақ: «Қайтесіңдер, соғысы құрысын, ешкімнің басына бермесін»,-деп әрі қарай әңгімесін жалғастырды. «Әкем қолы босаған кезде, қолына домбырасын алып, шертіп отырғанда, әкемізді айнала қоршап алып, өнді ұйып тындайтын едік»,-деп әңгімесін аяқтады.

Үстел басында бізбен бірге отырған Сәуле апайдың жолдасының қатты түшкірігінен, мен уақыттың іңір болып қалғанын байқап, рақметімді айтып, «Келіп тұр!» дегеніне уақыт тауып, келетінімді айтып кеттім. Әттең, менің уақытымның тұздығы... Әйтпесе, тындайтын қандай естелік пен қазақтың тарихы көп.

Осындай батыр ерлердің ерен ерлігін білу, ұмытпау - біздің парызымыз, мұндай құнды тарихты жазбасқа болмайды. Қолыма қалам аларда, Айнабаев Төкен атамның Ұлы Отан соғысының батыры негізінде ерліктері үшін кеудесіне таққан Ордендері мен медальдарының суреттеріне басымды иіп, тағзым еттім. Ер есімі - ел есінде мәңгі қалады. Жатқан жерлері жарық, орындары жұмақтан болсын!

Меруерт ЖҮНІСОВА.

23 МАУСЫМ - МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР КҮНІ

23 ИЮНЯ - ДЕНЬ ГОСУДАРСТВЕННОГО СЛУЖАЩЕГО

ЖҰМЫСЫНА ЖОҒАРЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН

Мемлекетті өркендету, дамыту бағытындағы ең жауапты іс-мемлекеттік қызметшілерге жүктелетіні мәлім. Ал бүгінде мемлекеттік қызметті мінсіз ету үшін аз жұмыстар жасалып жатқан жоқ. Мемлекеттік қызмет – азаматтардың мемлекеттік органдар мен оның аппараттарындағы кәсіптік қызметі. Осындай мемлекеттік қызметті атқарып жүргендердің қатарында жүргендердің бірі - Есіл ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы Сайран Жақсылыққызы Сағадатова.



Сайран Жақсылыққызы 1963 жылы 14 маусымда ауданмызға Ұзынкөл ауылында дүниеге келген. Қаратөбек ауылындағы Қызылтөбек мектебінде оқыды. 1980 жылы Атбасар медициналық училищесіне медбике мамандығы бойынша оқуға түсті.

Еңбек жолын 1983 жылдан бастап совхоздың балабақшасында тәрбиеші болып бастаған. 1986 жылдан бастап Степное ауылының балабақшасында медбике болып жұмыс істеді. 1998 жылдан бастап ауданның «Алакөл»

шаруа қожалықтары қауымдастығының хатшы-іс жүргізушісі лауазымында болды. 2000 жылдан 2005 жылға дейін Степное ауылдық округінің маманы болып жұмыс істеді. Сол жылы Астрахан ауданы Бесбидайық ауылдық округінің жетекші маманы лауазымына ауыстырылды. 2020 жылдан бастап Есіл ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы болып жұмыс істейді.

Сайран Жақсылыққызының мемлекеттік қызметте үлкен 22 жылдық еңбек өтілі бар. Көп жылдық жұмыс кезеңінде ол өзін жауапты, сауатты және өте бастамашыл маман ретінде көрсетті. Ол әрқашан өзіне жүктелген жұмысты орындап келеді. Сайран Жақсылыққызының негізгі кәсіби қасиеттері-құзыреттілік және «өз ісін білудің» жоғары деңгейі, сондай-ақ, жоғары жұмыс қабілеттілігі мен еңбекқорлығы. Ұқыптылық пен сенімділікпен ерекшеленеді. Қажет болған жағдайда дұрыс шешім қабылдай алып, өз жұмысының нәтижесі үшін жауапкершілікті өз мойнына алады.

Көпжылдық еңбегі үшін 2015 жылы мемлекеттік қызметшілер күнін мерекелеу құрметіне аудан әкімінің грамотасымен, сондай-ақ, партия қатарындағы мақсатты және жемісті жұмысы үшін алғыс хатпен және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары мен Астрахан ауданы мәслихатының депутаттарын сайлауды сапалы дайындағаны және өткізгені үшін алғыс хатпен марапатталды.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауына арқау болған бағыттардың бірі – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы. Мемлекет басшысының бұл тұжырымдамасы көптеген мәселеге қозғау салып, қалың ел тарапынан қолдау тауып отыр.

Мемлекеттік қызметшілер алдына келген адамның мәселесіне жете мән беріп, шешіп беруге ұмтылуы тиіс. Кез келген адамды тыңдай білу және кендік көрсету ең алдымен адамның саналылығын білдіреді. Жүректерге жол табу, кісінің көңілінен шығу – қазаққа тән қасиет десек, халқымыз кең де көркем мінезімен көп нәрсені оңтайлы шешіп отырған. Сондықтан Сайран Жақсылыққызының халыққа қызмет етудегі басты ұстанымы – қарапайымдылық, әділдік пен адалдық.

Сайран Жақсылыққызын мерейтойымен және мемлекеттік қызметшілер күні мерекесімен құттықтай отыра, еліміздің дамуы мен ауданымыздың түрленуі жолында атқарып жатқан абыройлы қызметіне толағай табыстар тілейміз.

Өз тілшіміз.

Роль государственных служащих в стране велика. Ведь они являются проводником осуществляемой политики государства во всех сферах общественной жизни. Преимущественно, работа государственных служащих направлена на удовлетворение потребностей граждан в рамках правового пространства, определяемого государством в законах. Каждое государство строит работу своих служащих по-своему. К основным приоритетам госслужбы в Казахстане отнесены прозрачность, эффективность, ориентированность на запросы населения.

Именно такую работу и выполняет сотрудник государственной службы Наприенко Татьяна Васильевна.

Наприенко Татьяна Васильевна родилась в поселке Жолымбет Шортандинского района.

После окончания школы поступила в Целиноградский СХИ. Закончив его и получив высшее образование в 1985 году работала в с. Образцовый бухгалтером строительного участка. С 1988-1994 гг. в РАП-

Се работала бухгалтером. С 1999 года по 2002 год занимала должность экономиста в ЦРБ. С 2002 года - поступила на работу в райфинотдел на должность ведущего специалиста. В данное время заместитель руководителя отдела экономики и финансов.

В коллективе пользуется уважением, как ценный сотрудник и знающий специалист. Замужем, воспитала дочь.

Поздравляем Татьяну Васильевну с юбилеем и профессиональным праздником - Днём государственного служащего. Желаем крепкого здоровья, семейного благополучия, счастья и дальнейших успехов в труде.

Соб. инф.



23 МАУСЫМ - ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ

23 ИЮНЯ - ДЕНЬ КАЗАХСТАНСКОЙ ПОЛИЦИИ

НА СТРАЖЕ ПРАВОПОРЯДКА

В правовом государстве закон и порядок обеспечивает полиция. В день профессионального праздника общество чувствует защитников прав людей и общественного порядка. Ежегодно 23 июня в Казахстане отмечается профессиональный праздник — День полиции.

С распадом СССР и образованием Республики Казахстан началась новая страница истории правоохранительных органов Казахстана. 23 июня 1992 года был принят Закон «Об органах внутренних дел Республики Казахстан». В первые годы независимости шло становление новой системы. Органам внутренних дел приходилось учиться новым подходам и методам работы в обновленной системе. Спустя несколько лет, в 1998 году милиция Казахстана была переименована в полицию, а в 2007 году был утвержден профессиональный праздник – День полиции. Уже в 2012 году в системе МВД была внедрена электронная регистрация заявлений о совершенных преступлениях. Это нововведение позволило оперативно передавать сведения в прокуратуру. В 2014 году был принят новый Закон «Об органах внутренних дел». За эти годы удалось сформировать в Казахстане эффективную систему противодействия преступности.

Ежедневно сотрудники и военнослужащие органов внутренних дел приходят на помощь людям, оказавшимся в кризисной ситуации, раскрывают преступления и охраняют общественный порядок.

Об одном из таких сотрудников Астраханского

ОВД хотелось бы сегодня рассказать.

Болдырев Тимур Тулеуович родился в селе Астраханка в 1994 году. В сентябре 2001 года пошел в первый класс Астраханской средней школы №1. Закончив школу поступил в Кокшетауский



колледж « Арна» имени Абая Мырзахметова на специальность юрист- консультант. С 24 июня 2013 года был призван в Департамент ДО г.Кокшетау, для прохождения срочной воинской службы. Позже переведен в г. Темиртау на должность радиотелеграфиста однополосной радиостанции малой и средней мощности. После демо-

билизации ВС РК работал в охранной фирме Дан Батыр « кузет» в г.Астана в ледовом дворце «Алау». В Астраханском ОВД с 2016 года.

В должности участкового инспектора полиции работает с 2018 года. Женат, воспитывает одного ребенка.

В современной непростой ситуации на казахстанскую полицию возложено еще больше ответственности. В преддверии профессиональ-

ного праздника – Дня Полиции, хочется пожелать всем сотрудникам правоохранительных органов крепкого здоровья, семейного счастья и благополучия, карьерного роста, реже подвергаться опасности, успехов и удачи в вашем нелегком труде.

Пусть служба приносит радость и счастье!

Ирина МИРНАЯ.

ХАЛЫҚТЫҢ ҚОРҒАНЫ

Қылмысты ашуда, қауіпсіздікті сақтауда полиция қызметкерлерінің еңбегі зор. Полиция қызметкері болу үшін білім де, білік те, білек те керек. Сабыр, төзім және қажыр-қайрат қажет. Шапшаңдық пен жылдамдық, тез шешім қабылдап, жылдам әрекет ете білу қабілеті полицейге қажетті басты қасиеттердің қатарында. Ұстамды болуы, азаматтармен тіл табыса білуі, сыпайы болуы да аса маңызды. Осындай толып жатқан талаптардың үдесінен шығуға баса назар аударатын жандардың бірі – аудандық полиция бөлімінің кіші жедел уәкілі Тимур Ертаев.

Тимур Ертаевтың негізгі мақсаты - халықтың полицияға деген сенімін арттыру. Үлкен сенімге ие болу үшін қылмысты дер кезінде ашу, оның алдын алу үшін профилактикалық шараларды жүргізу, басқа да бізге міндеттелген жұмыстарды жүйелі тындыру керек. Бұл үшін барлық жағдай жасалған. Полиция қызметкерлерінің жеке кабинеті, компьютері, қажетті құрал-жабдықтарының бәрі бар. Мұның бәрі тәртіп сақшыларының қызметін жоғары деңгейде атқаруына мүмкіндік береді.

«Адамдар полиция қызметкерлерін өздерінің қорғаушысы ретінде танып, өз қауіпсіздіктерін сезінулері тиіс» деген сөзі халық алдында адал қызмет етуге ант берген қатардағы әрбір тәртіп сақшысына үлкен жауапкершілік жүктейді. Өйткені, еліміз үшін адам өмірінің қауіпсіздігі қашанда басты назарда болғандықтан, қызметкерлерінің басты міндеті - халық сенімін барынша ақтап, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау болып табылады.

Кәсіптің жақсысы, жаманы болмайды. Полиция қызметкерінің жұмысын оңай деп ойлайтындар жаңылысады. Себебі, полиция қызметкерінің басты ұстанымы – өз ар-ожданының алдында таза болу, қандай қиындықтар, кедергілер болса да шыдау. Ал бұл – кез келгеннің қолынан келе бермейтін іс. Өмір деген қателесу мен қателігіңді түзеуден тұрады.

Полиция қызметкерінің міндеті – заңдылықтың сақталуын қадағалау,



қылмыстың алдын алу. Тәртіп үшін заңнан мәртебелі ештеңе жоқ. Сондықтан, әр тәртіп сақшысының бойынан адалдық пен кәсібилікті күтеміз.

Құрметті аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері және ішкі істер органдарының ардагерлері! Сіздерді шын жүректен кәсіби мерекелеріңіз – Қазақстан Полициясы күнімен құттықтаймыз! Сіздердің қызметтеріңіз үнемі жоғары кәсіптілікті және жеке қабілеттілікті талап ететін қауіп-қатермен тығыз байланысты. Қызметтік борыштарыңызды атқару кезіндегі адалдықтың, қайсарлықтарыңыз, батылдықтың бен батырлықтарыңыз үшін мың алғыс! Баршаларыңызға тәуекелге толы, қоғамымызға ең қажет қызметте, табандылық пен қайсарлықты тілейміз. Ал, отбасыларыңызға олардың сабырлығы мен төзімділігі үшін шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Дендеріңізге саулық, ел игілігіне бағытталған қызметте табыс, жақсылық пен барлық бастамаларыңызға сәттілік тілейміз.

Арман ЖАПАРОВ.



ВАШЕ ЗДОРОВЬЕ



«МЕНИНГИТ ИЛИ МЕНИНГОКОККОВАЯ ИНФЕКЦИЯ»

Менингит - это инфекционное заболевание человека, передающееся воздушно - каплевым путем.

Согласно статистике пик заболевания приходится на зимнее - весенний период года, но возможно заражение и в летние месяцы.

Источником инфекции могут быть, как больные люди, так и бактерионосители, т.е. люди без каких либо признаков заболевания или с симптомами легкой простуды, но носящие на слизистой носоглотки бактерии менингококка и выделяющие их при кашле и чихании.

Бактерии попадая на слизистые верхних дыхательных путей, могут вызвать острый назофарингит, затем проникая в кровь поражают головной и спинной мозг человека.

Впрочем менингит (воспаление мозга) может быть вызван не только менингококком, но и другими бактериями, а также вирусами. Часто причиной менингита может быть хронический гайморит или отит, когда гной из воспаленного органа попадает в мозг. Заразиться также можно при купании в небольших водоемах (фонтаны, речки), где до этого купался бактерионоситель.

Как же протекает заболевание? Инкубационный (скрытый) период длится от 2 до 10 дней. Затем острое начало в виде: озноба, высокой температуры 39-40 градусов, мучительной головной боли, рвоты, возбуждения, повышенной чувствительности к свету и шуму, в

тяжелых случаях потеря сознания или судороги, а также специфические менингеальные симптомы, на основании которых врачам и удается поставить правильный диагноз и начать своевременное лечение больного. Диагноз также подтверждается лабораторными исследованиями.

В нашем районе ежегодно регистрируется по 1 - 2 случая заболевания «менингитом». Необходимо помнить, что позднее обращение за медицинской помощью и тем более отказ от лечения может привести к серьезным последствиям, в виде осложнений, а иногда стать причиной гибели таких больных.

Что же мы можем сделать для защиты себя от менингита? Во первых, конечно же не запускать имеющиеся воспалительные процессы в организме, своевременно и полностью излечивать гайморит, отит, гнойные ангины. Соблюдение правил личной гигиены (мытьё рук) и гигиены жилища (влажная уборка и проветривание помещений). При появлении какого либо из выше перечисленных симптомов немедленно обращаться к врачу.



«БЕШЕНСТВО» - СМЕРТЕЛЬНАЯ ОПАСНОСТЬ!

Бешенство (гидрофобия, водобоязнь) — особо опасное инфекционное заболевание, вызываемое вирусом, который передается со слюной при укусе или ослеплении головным животным. Поражает головной мозг и в 100 % случаев заканчивается смертью больного.

В природе поддерживают сохранение и распространение дикого вируса бешенства такие животные как: волк, лисица, барсук, шакал, песец, летучие мыши, крысы и др. Рептилии (змеи, ящерицы) и насекомые бешенством не болеют и его не переносят.

По данным ВОЗ от бешенства в мире ежегодно умирают 55000 человек. В Республике Казахстан ежегодно регистрируются 3-4 случая гибели людей, в основном по причине позднего или вовсе не обращения людей за медицинской помощью после укусов животными. В Астраханском районе ежегодно высокое число обратившихся в лечебные учреждения людей с укусами животных. За 2022 год - было 50 пострадавших, с начала текущего года обратилось - 25 человек. 80 % укушенных людей подвергаются нападению собак, в т.ч. бродячих и бездомных животных, 19 % страдают от своих домашних кошек, 1 % обратившихся были укушены другими животными (лошади, свиньи, крысы).

На территории населенных пун-

ктов, в надежде на легкую добычу еды, в виде домашней птицы, часто заходят и дикие животные (лисы, корсаки, барсуки), одним из признаков заболевания бешенством у дикого животного является отсутствие страха перед людьми. При контакте с дикими животными, бешенством могут заразиться и наши домашние собаки и кошки, а также сельскохозяйственный скот пасущийся на вольном выгуле.



Что же необходимо сделать пострадавшему от укуса каким либо животным? Это как можно скорее обильно промыть место укуса проточной водой с мылом и обработать 70% спиртом или 5 % йодом. После чего немедленно обратиться в мед.учреждение где проводят специфическое лечение: вводят антирабическую вакцину и антирабическую сыворотку. Курс прививок состоит из пяти инъекций, первая делается в день обращения к врачу (0 день),

а затем на 3, 7, 14 и 28 дни. Если за укусившим животным удалось установить наблюдение и в течение 10 суток после укуса оно осталось здоровым, то после третьей инъекции вакцинацию прекращают. Прививки антирабической вакциной проводятся бесплатно!

Все владельцы собак и кошек обязаны:

- содержать собак на огражденной территории индивидуальных жилых домов, частных построек и прилегающей к нему территории, в свободном выгуле или на привязи, исключая их побег и нападение на людей;

- если территория охраняется собакой, она должна указывать предупреждающую табличку при входе, с изображением собаки и надписью (Ит күзетеді - Охраняется собакой)

- немедленно сообщать органам ветеринарного надзора и органам здравоохранения обо всех случаях укусов животными, а также внезапного падежа животных, при подозрении на заболевание.

Если владельцы домашних животных будут придерживаться данных правил, заболевание бешенством никому не грозит.

Т. КОЛЕСНИКОВА, главный специалист Астраханского РУСЭК.

ДЕФИЦИТ ВИТАМИНА D, СИМПТОМЫ И ПОСЛЕДСТВИЯ. ЧТО СТОИТ ЗНАТЬ, ЧТОБЫ ИЗБЕЖАТЬ ПОСЛЕДСТВИЙ ДЕФИЦИТА ВИТАМИНА D

О витамине D говорят в основном в контексте минерализации костей. Он также способствует усвоению кальция и фосфора. Однако следует помнить, что он имеет гораздо более широкое значение для правильного функционирования организма. К сожалению, явление дефицита витамина D распространено в Европе и России, особенно среди детей и подростков.

Статья написана на основе научных исследований. Информация представлена в ознакомительных целях и не является рекомендацией. Обязательна консультация со специалистом.

ИСТОЧНИКИ ВИТАМИНА D

• Витамин D синтезируется в коже под воздействием солнечного света. Этот процесс зависит от сезона, времени суток, широты, веса или цвета кожи. В нашем климате синтез витамина D возможен только с середины апреля до середины сентября. Однако в этот период кожу обычно защищают кремом с УФ-фильтром, чтобы предотвратить его выработку.

• Витамин D также может поступать в организм с пищей. А это сложно, потому что продукты, которые являются его основным источником, а это рыба (угорь, лосось, сардины, сельдь, скумбрия), до сих пор не очень часто потребляются в России. Источниками витамина D также являются: молоко, сыр, яичные желтки. Он также входит в состав детских молочных смесей.

СИМПТОМЫ ДЕФИЦИТА ВИТАМИНА D

• Слишком низкий уровень витамина D может быть диагностирован уже в период новорожденности, особенно если беременная женщина не принимала адекватных доз. У ребенка может наблюдаться слишком плоская голова сзади, что вызвано



размягчением костей.

• Несколько лет дефицита витамина D обычно приводят к болям в костях и мышцах.

• Дефицит витамина D может стать причиной пародонтоза и вызвать отсутствие аппетита.

• Также могут возникнуть нарушения зрения и рецидив диареи.

МЫШЕЧНАЯ СЛАБОСТЬ И ПОВЫШЕННАЯ ВОСПРИИМЧИВОСТЬ К ПЕРЕЛОМАМ

У детей и взрослых симптомом дефицита витамина D является мышечная слабость. Дети могут жаловаться на очень болезненные судороги, которые затрудняют ходьбу. Новорожденные дети имеют так называемый "лягушачий живот" (когда ребенок лежит, живот расширяется в бок), что связано со слабостью мышц живота.

ПЛОХОЕ НАСТРОЕНИЕ

Печальные дни могут случиться со всеми. Однако, когда депрессия становится хронической, стоит изучить уровень витамина D в крови. Его слишком низкий уровень негативно влияет на нервную систему. Это может способствовать развитию депрессии и тревожных расстройств.

СДЕРЖИВАНИЕ РОСТА

У детей дефицит витамина D может вызвать нарушения развития. Это способствует, среди прочего замедлению роста. Кости, которые

более восприимчивы к переломам, становятся слабее.

СЛАБОЕ СОПРОТИВЛЕНИЕ

Осенью и зимой наблюдается большее количество инфекций. На них может влиять дефицит витамина D, который оказывает значительное влияние на иммунную систему. Рекомендуется дополнить его, чтобы повысить иммунитет. Какие последствия может иметь дефицит витамина D?

• Гиповитаминоз витамина D может иметь очень серьезные последствия. Дети и взрослые могут ощутить их остро. В случае самых молодых из-за дефицита витамина D кости и зубы чаще всего ослаблены, которые более подвержены повреждениям. Также это может привести к развитию рахита.

• Дефицит витамина D значительно повышает риск развития ожирения, диабета, сердечно-сосудистых заболеваний (особенно гипертонии, которая иногда диагностируется у учеников начальной школы) и воспалительных заболеваний.

В свою очередь, у взрослых, у которых дефицит витамина D также очень распространен, это состояние может быть связано с повышенным риском развития ишемической болезни сердца, расстройств настроения (депрессии, тревожных расстройств) и рака (особенно молочной железы, простаты и толстой кишки).

Чрезвычайно важно получать достаточное количество витамина D на протяжении всей жизни.

К сожалению, результаты эпидемиологических исследований, проведенных в последние годы, показывают, что у большинства жителей России, особенно у детей и подростков, уровень этого витамина недостаточен.

Его добавки необходимы, особенно в осенне-зимний период, для поддержания здоровья.

РАЗБИЛСЯ ГРАДУСНИК. ЧТО ДЕЛАТЬ?

В каждом доме есть градусник, который мы используем при первых признаках недомогания... Но может случиться и так, что к недомоганию приведет сам градусник-если вдруг он случайно разбился (естественно, речь идет сейчас о ртутном, а не электронном градуснике).

Ртуть-вещество 1-го класса опасности, особенно вредны ее пары. В стандартном градуснике содержится до 5 грамм ртути. Если градусник разбился в жилой комнате со средним объемом помещения 50 куб.метров, то при испарении всей ртути концентрация ее паров достигает 100 мг. На кубометр, что в 30 000 раз больше предельно допустимой концентрации в жилой зоне.

Понятное дело, что длительное нахождение в такой атмосфере небезопасно для здоровья.

Основные симптомы отравления ртутью: слабость, общее недомогание, потеря аппетита. Боли в горле в процессе глотания, сильные головные боли, привкус металла во рту, усиленное слюноотделение, отечность и кровотоочивость десен, тошнота и рвота.

Отравление парами ртути опасны прежде всего тем, что симптомы могут не возникать в течение весьма длительного периода после непосредственного контакта с ртутью. Так что если вы разбили градусник месяц-два назад и надлежащим образом не убрали, а теперь возникли такие симптомы-бегом к врачу!

Что делать, чтобы не отравится парами ртути? Во-первых, открыть форточки-обеспечить приток свежего воздуха и лучшую вентиляцию. Во-вторых, удалите из помещения людей, в первую очередь детей. И, в-третьих, ограничьте доступ людей в помещение (закрыть двери) с целью уменьшения разноса паров ртути в смежные комнаты, а также чтобы исключить разнос ртути по смежным комнатам на обуви (постелить коврик/тряпку, смоченный раствором марганцовки, на входе).

После этого приступаем к самому процессу демеркуризации, проще говоря, обезвреживания ртути. Надень резиновые перчатки, осторожно соберите в любую герметичную тару с плотно прилегающей крышкой (например, в стеклянную банку) все осколки градусника, ну и конечно, в первую очередь, шарики ртути.

ИМЕЙТЕ ВВИДУ: удельный вес ртути очень высок (она более чем в 13 раз тяжелее воды). При падении она может разлететься на несколько мелких шариков и, разумеется, закатиться в любую трещинку. Чтобы собрать всю ртуть без остатка, воспользуйтесь подручными средствами. Вам помогут: медицинская груша с тонким наконечником, эмалированный совок, лейкопластырь, скотч, пластилин, замазка и т.д.

После завершения данной работы необходимо провести химическую демеркуризацию. В домашних условиях можно приготовить растворы из подручных средств: перманганат калия (или попросту марганцовка) + вода; мыльно-содовый раствор.

Необходимо поочередно применение обоих методов, эти операции необходимо повторять несколько дней по 2-3 раза в день. При проведении этих работ надо думать и о собственном здоровье: промыть марганцовкой и мыльно-содовым раствором перчатки, обувь. Прополоскать рот и горло слабо-розовым раствором марганцовки; тщательно почистить зубы; принять 2-3 таблетки активированного угля.

В завершении: все отходы от градусника, что вам удалось собрать в герметичную тару для исключения дальнейшего загрязнения территории и дома, надо сдать на предприятие, которое имеет право утилизации ртути и ее отходов. Выбрасывать, как обычный мусор, ни в коем случае нельзя!

Отдел по ЧС Астраханского района.



Азаматтар мен заңды тұлғалар Астрахан ауданының прокуратурасына өтініш бере алады:

- Аудан прокуратурасы басшылығының жеке қабылдауы барысында;

- «egov.kz» электрондық үкімет порталы веб портал арқылы, мобильдік қосымшасы арқылы немесе халыққа қызмет көрсету орталығының филиалы арқылы электрондық өтініш (шағым) арқылы;

- Өтініш аудандық прокуратураға «Қазпошта» АҚ-ның қызметтері арқылы жіберілуі немесе аудандық прокуратура ғимаратының өзінде кеңсеге қолма-қол тапсыру жолымен қабылдануы мүмкін.

Прокуратура органдары өтініштерді қарайды:

- егер адамның және азаматтың физиологиялық ерекшеліктеріне, психикалық ауытқуларына және өзге де мән-жайларға байланысты өз құқықтарын, көмелетке толмаған адамдарды, сондай-ақ шектелмеген адамдар тобын қорғауды өз бетінше жүзеге асыра алмаса, оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына

ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНА ШАҒЫМДАР МЕН ӨТІНІШТЕР БЕРУ ТЕТІГІН ТҮСІНДІРУ:



мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру үшін, егер бұл мүдделерді қорғауды құзыретіне тиісті өкілеттіктер жатқызылған уәкілетті орган тиісті түрде қамтамасыз етпесе не мұндай орган болмаған жағдайда;

- мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдар тарапынан жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне араласу фактілері бойынша олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру үшін;

- Қазақстан Республикасының

келтіру үшін, конституциялық құрылысына және ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіруді болғызбау мақсатында;

- жойылмауы адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге әкеп соғатын заңдылықты бұзу фактілері бойынша;

Өтініш міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға жатады. Шағымды қабылдаудан бас тартуға тыйым салынады.

Өтінішке жауап Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілдегі немесе өтініш берілген тілдегі заңнамасына сілтеме жасай отырып, мазмұны жағынан дәлелді және дәлелді болуы керек.

Шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз қабылданған әкімшілік акт бойынша жоғары тұрған әкімшілік органға, лауазымды тұлғаға әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіпте шағымдануға құқылысыз.

Астрахан ауданының прокуратурасы.

ФУНКЦИИ МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ В РЕШЕНИИ ВОПРОСОВ МЕСТНОГО ЗНАЧЕНИЯ В КЫЗЫЛЖАРСКОМ СЕЛЬСКОМ ОКРУГЕ

Согласно Концепции развития местного самоуправления до 2025 года, утвержденной Указом Президента Республики Казахстан от 26 ноября 2022 года № 5 в Республике Казахстан сформирована и развивается собственная модель местного самоуправления, основанная на совмещении региональными, местными представительными и исполнительными органами власти функций и полномочий государственного управления и самоуправления; участия граждан как членов местных сообществ в решении наиболее важных вопросов местного значения непосредственно или через выборные органы.

В соответствии с Законом «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» осуществление функций местного самоуправления для решения вопросов местного значения в Кызылжарском сельском округе проходит через сходы местного сообщества и собрания местного сообщества, где решаются наиболее важные вопросы:

- определение приоритетных задач местного сообщества и сроков их реализации;

- определение состава собрания местного сообщества сроком на четыре года;

- заслушивание и обсуждение отчетов акима по вопросам осуществления им функций местного самоуправления;

- иные вопросы местного значения, определенные сходом местного сообщества.

Собрание местного сообщества, проводится по текущим вопросам местного значения:

- обсуждение и рассмотрение проектов программных документов, программ;

- согласование проекта бюджета сельского округа и отчета об исполнении бюджета;

- согласование решений аппарата акима сельского округа по управлению коммунальной собственностью сельского округа;

- образование комиссии местного сообщества из числа участников собрания местного сообщества в целях мониторинга исполнения бюджета сельского округа;

- заслушивание и обсуждение отчета о результатах проведенного мониторинга исполнения бюджета сельского округа;

- обсуждение актуальных вопросов местного сообщества, проектов нормативных правовых актов, касающихся прав, свобод и обязанностей граждан;

- другие текущие вопросы местного сообщества.

Согласно статьи 39-4 Закона «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» органы местного самоуправления при осуществлении своей деятельности обязаны придерживаться принципов гласности и открытости, учета общественного мнения при осуществлении своей деятельности, обеспечивать возможность свободного доступа членов местного сообщества на заседания органов местного самоуправления.

С 1 января 2020 года в Кызылжарском сельском

